

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РОМАНТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС ПЕН ЛИРИЗМНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бақтыгерей Айкөркем
Aikorkem_baktygerey@mail.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
 “Қазақ тілі мен әдебиеті” ББ магистранты
 Ғылыми жетекеші, PhD., доцент - **Кушкимбаева А.С.**

Әдебиетте қаламгерлік «мен» деген термин бар. Және ол термин көбінесе лирикада көрініс тауып, автордың өзінің ішкі дүниесіне үңілумен және сыртқы қоршаған ортадан ой түйюмен шектеседі. Профессор Г.Н.Поспелов жоғарыда аталған процесстің лирикалық сипаты жөнінде: «Лирика может быть медиативная, медиативно-изобразительная и собственно изобразительная. В первых двух из этих своих разновидностей лирика может быть по преимуществу обращена к самоанализу, заключать в себе эмоциональную или мыслительную рефлексю. Или же лирическая медитация может быть направлена вовсе, на отношения и события объективного мира и на постижение идеала» [1], - деп жазды. Бұл пікірдің философиялық негізі мен эстетикалық астарын орыстың атақты Ф.М.Головенченко [2,261-6] және В.В.Кожин [3,60-6] атты әдебиеттанушы-теоретиктері қолдады. Сонда қаламгер объективті өмір мен шындықты суреттеуге бағытталған өзін-өзі тану және саралау кезеңдерін психологиялық түрде жүзеге асырады. Осы кезде ғана қаламгерлік «меннің» көркемөнер қатынасында психоаналитикалық тәсілмен биік деңгейде орындалатынын көреміз. Сонымен, зерттеудің түйіні Т.Жармағамбетов жасаған әр бейне – саяси-элеуметтік, моральдық-этикалық, ұлттық-психологиялық, мәдени-эстетикалық сипатқа ие көркем қаһармандар деген тұжырымға саяды. Олардың әрқайсысынан өзіндік сабақ алуға болады. Өйткені заман талабына сәйкес, дәуір ағымымен дүниеге келген замандастар бейнесі жазушы туындыларында кешенді түрде суреттеліп, Кеңес дәуірі мен бүгінгі күннің көркемөнердегі бейнелі суретіне айналды. Т.Жармағамбетов шығармашылығының биік белесі, кең құлашты пафосы – ұлттық ұлылық пен гуманистік идеяны дәріптеу. Ал эстетикалық мұраты – тән сұлулығынан гөрі, жан сұлулығының тазалығы, сезім мөлдірлігі, нәзік лиризмнің жалынды үні, ұлы ерліктің оттылығы екендігіне жазушы шығармаларын оқыған кезде көзіміз анық жетеді.

Көркем туынды – белгілі бір тарихи дәуірдің, қоғамдық жағдайдың, заман шындығының жемісі. Ал замандас келбеті – осы жемістің негізгі дәні. Әрбір көркем дүниенің ұлттық сипаты болады. Әйтпесе оның еш құндылығы қалмақ емес. Ұлы философ Гегель: «Әрбір көркем шығарма халқына, өз уақыты мен ортасына тән және ерекше тарихи, басқа да мақсат-мүдделерге бағынышты» [4,15-16-б], - дегендей, көркемөнер туындысы белгілі уақыт пен көркем бейнеге телінеді. Т.Жармағамбетов жасаған көркем дәуір мен көркем бейне – ұлттық сипатқа негізделіп жасалған модель. Н.Г.Чернышевскийдің: «Нағыз роман, повестер жергілікті ерекшелігі бар жағдайды, ұлттық бедерлі кейіпкерлерді айналып өте алмайды. Жергілікті бояусыз және ұлттық әдет-ғұрыпсыз, ойсыз, сондай-ақ кейіпкерлер мінезіндегі ұлттық сипатсыз реализм жоқ, кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен шындық ұғынылмайды. Ал бұндай шарттарсыз нағыз роман, повестердің дүниеге келуі мүмкін емес» [5,269-б], - деп жазғанындай, қаламгер алып отырған жағымды, жағымсыз кейіпкер болсын, оның бойындағы қасиеттердің өзі халықтық менталитетке құрылуы тиіс. Өйткені әр халыққа тән психология бар, мінез бар дейтін болсақ, осы жерден келіп бейне мәселесі туады. Қаламгер шығармашылығының көпшілігі Кеңес дәуірінде дүниеге келді. Оның кейбір туындыларында кеңестік саясаттың басым бағыттары жылт етіп көрініп қалады. Зерттеуші П.С.Выходцевтің: «Әдебиеттің ұлттық негізі, ұлттық дәстүрінің социалистік реализмнің ең күрделі мәселелерінің бірі күйінде әлі де қала беретіндігін ешбір әсірелеусіз-

ақ айтуға болады» [6,100-б], - дегеніндей, бір кездері ұлттық әдебиетіміздің арнасы социалистік реализмнің сағасына барып тоғысты. Бірақ социалистік реализм жалпыадамзаттық мәселелерді, ұлттық сипатты шешіп бере алған жоқ. Осы ретте кеңес дәуірінде болған мынадай пікірталасты келтіріп кеткен жөн. Кеңес әдебиетінің ұлттық сипаты жөнінде пікір айтушылардың басты назар аударғаны - әдебиет кейіпкерлерінің мінезіне әдебиеттің ұлттық сипаты тұрғысынан талдау жасау. В.Освоцкий бастаған ғалымдар тобы көркемөнердің жалпыадамзаттық, жалпы ұлттық сипатын жалқы ретінде қарастырып, олардың ара-жігін жалпы мен жалқы ұғымдарының аясына сыйғызды. Жалпының бірте-бірте жалқыны ығыстыратынын айта келе, «ұлттық мінезді» «советтік мінез» деп атауымыз керек деп түсіндірді [7]. Бұларға қарсы К.Бязарти [8], М.Чимпой [9], А.Бочарев [10] сынды ғалымдар көркемөнердің, әдебиеттің ұлттық және жалпыадамзаттық сипаттарын жалпы мен жалқы категорияларының аясында қарастыра алмайтындықтарын айта келе, бұл екеуінің бір-бірінен бөлінбейтін құбылыс екенін дәлелдегісі келеді. Бірақ көркемөнердің ұлттық сипаты – қай халықта болса да алдыңғы шепте тұратын болмыстық құбылыс. Ол талай ғасырдың арнасынан өткен ұлттық категория болғандықтан, оны күштеп жою, басқа бір идеологиямен араластыру еш мүмкін емес жайт. Бұл ретте ғалым Бағдат Кәрібозұлының мына пікірі айтылған ойымызды айқындай түседі: «ұлттық араласу, жақындасулардың совет үкіметіндегі 70 жылдан аса тарихи тәжірибесі көрсеткеніндей, көркемөнердің, сондай-ақ, әдебиеттің қандай жағдай болса да ұлттық сипатының жойылмайтындығы, керісінше, бұндай сын сағатта өміршеңдік танытқандығы деп айтуға болады» [11,91-б]. Шындығында, көркемөнердің ұлттық сипаты – ұлт бар жерде, оны жасаушы халық бар жерде, халықтың болмысы, мінез-бітімі бар жерде мәңгілік жасай беретін құбылыс. Ұлттық психология – ұлттық дәстүрдің ерекше түрі. Түрі ғана емес, ұлттық дәстүрді қалыптастырушы басты фактор.

60-жылдардағы қазақ әдебиеттануында ғалым З.Қабдолов Б.Майлиннің біз сөз етіп отырған повестінің стилі жайлы жазады. «Шұғаның белгісі тіліндегі әдемі айшықтарға қарамастан, негізінен баяндау тәсілімен жазылған. Ал баяндау ылғи суреттеу бола бермейді. Баяндауда образдылықтан гөрі суреттеу артық екенін ескерген жөн». Теориялық бағалы тұжырым екенін айта отырып, бұл пікірдің стиль мәселесін сөз етуде догмаға айналып кетуін қадағалаған жөн сияқты. Өйткені жанды әдеби процесс қашанда әдебиеттанудың да ілгерлеуіне мұрындық қой. Бір ғана мысал, 60-жылдардағы орыс прозасының даму тенденциясында айрықша бой көрсеткен лиризм тәсілі оның әдебиеттану мен сынында да өз таңбасын салды. Танымдық, эстетикалық жаңа қабаттар қаланды. Распутин, Быков, Абрамов, Астафьев, Беловтар деревня прозашылары деген атауға да ие болды. Алайда, бұлардың XIX ғасыр орыс классиктермен тамыр соғысы бір. Уақыт озған сайын қырлана, құбыла түсетін шындықпен шынайылық астары бар. Араға уақыттар салып Тобық шығармалары қайта оқылғандаситль сыңғыры көне қоңыраудай сыңғырлап қоя берері күмәнсіз. Стиль – жазушының бір болмыс талант кепілі. Жазушы тұлғалана алғанда ғана стиль түзелетіні мәлім. Осылай болса тіл, таным, эстетикалық өлшем, философия – бәріде стиль арқылы жарыққа шығады. Мәселен, жазушының «Сентябрь түні» әңгімесінің эстетикалық мұраты жаңа көркемдік шешіммен астасатын ұлттық болмыспен өзектес жатқандай. Ақбілек бейнесі өзінің ұлттық характерімен ерекшеленеді. Мәселен, ол бейненің мінез-құлық, ұлттық болмысты сырттай сипаттау сарынынан арыла алуында. Сөйтіп оның характер деңгейіне көтерілу сыры да осы стильмен сабақтас. Өйткені бұл әңгімені де біз суреттеу тәсілімен жазылған шығарма қатарына қоса алмаймыз. Керісінше, жазушылық шебер қоюласқан лирикалық баяндау арқылы образ сомдалады. Ең ғажабы – лирикалық «мен» оқшауланбайды. Жалпы шындық, жалпы азаматтық гуманизм аясында ерекше бір үйлесімділікпен жарасымдылық табады. Міне бұл – тікелей стиль жеңісі. Шұға мен Ақбілектің стильдік жағынан да, образ табиғаты тұрғысынан да үндесетін дері де осы бір иірімдерде. Автор шеберлігі, оның шеберлігін де осы образ төңірегінен іздестіруге болады. Яғни, автордың идеялық-эстетикалық позициясына дейін образ болмысына табиғи түрде тұтаса кірігеді. Алайда шебер жасалған образ деуіміздің енді бір қыры қас-қағымына

дейін жадында қалатын Ақбілек бейнесін күдіретті реализм жемісі деуге бола ма? Яғни, көркемдік шешім қалыпты компоненттерді жетілдіруде емес, тікелей жазушының өмірімен тыныстайтын әрекетінен, қарым-қатынасынан өрбігенде ғана өміршең екен. Иә, автордың лирикалық баяндауынан туған, шұғылылы бір сезімдерінен өрілген Ақбілек бейнесі – реализмнің барлық заңдылығын бұлжытпай орындаған реалистік бейне. Өмір талқысына түскенімен «асыл тас» қалпында қалуы, тозбайтын төзім, мұқалмайтын ақыл-парасат иесі – Ақбілек автордың идеалы бола тұра астарында қатпар-қатпар өмір шырғалаңы жатыр. Қайшылыққа толы өмір драмасы тұр. Сандаған суретке жан бітіретін тіл иірімдер ше? Оысының бәрі шағын әңгімеден табыла тұра оның стилін ауырлатпайды. Сонда күрделі өмірлік сауалдар көркемдік күрмеуі қиындап, жасанды пафосқа ұрынбайды. Керісінше, жеңіл оқылады. Өмір шырғалаңы шуақты жаздай бір жылылық фонында ашылады. Міне, бұл - жазушы табиғаты, стиль ерекшелігі. «Шұғаның белгісінде» ауыр таргедия да осы тәсілмен ашылмаушы ма еді? Зіл батпан трагизм, жанрлық таргедия тілімен емес, өнер, поэзия күдіретімен астаса отырып өзгеше бір үн шығара жетеді құлаққа. Иә, бұл бағытта Тобықтың өз әуенін, өз ырғағын тапқан әңгіме-повестері баршылық. Идея болғанымен көркемдік кілті болмаса эстетикалық мұрат жүзеге аспайтыны мәлім. Олай болса, Тобықтың көптеген шығармалары көркемөнердің кілтімен ашқан суреткерлік өнер сығындысы. Мәселе санда емес, сапада десек, саф алтындай талғам тазалығына қызығамыз. «Соңғы хат», «Қара жаңбыр», «Ақ жауын», «Бәйтеректің жас шағы» т.б. шығармаларында ақ өзіндік қолтаңба танытқан еді. Бұлардың қай-қайсысы болсын негізгі кілті – лиризм. Лиризм тәсілінің жазушының меңгергені сонша, соны тек авторлық баяндауда ғана емес, тартыс табиғатын танытуда да, көптеген басқадай көркемдік шешіміне нәзік пайдаланады. Мәселен, не бір қатқыл өмірлік драматизм көбінесе юмормен, мысқыл-әжуамен астарданып отырады. Бұл да негізінен халықтар характерді танытатын, туған әдебиетімізде Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтер көп қолданған тәсіл екені мәлім. Сол сияқты кейбір психологиялық ситуацияның тым қалыңдайтын, монологтың ширыға түсетін тұстардың өзін Тобық лиризмге жеңдіреді. Соған орай стильде де психологизмнен гөрі лиризм өз болмсымен көрінеді. Шығармадағы тартыс та осы стильге тәуелділік танытады. Алайда сонша лирикалық стилдегі туынды лирикалық мәнінің көлемін көрсетпейді. Керісінше, объективті шындықты объективті бағалайды. Бұл жазушы шеберлігінің көрінісі. Өзінің адамшылықтың, адалдықтың құрбаны ете отырып өз-өзіне үкім айтады. Осы бір сәттегі оның көңіл-күйін автор өте ұтқыр бейнелейді. Сыры кетсе де сыны кетпеген әйел жанының тылсым күдіреті сізді де өзіне тұтқындайды. Оның жанына тұнған мұнарлы мұны да көгілдір таулардай сағымдана қол бұлғап, көңіл құсын сан тарапқа ұшырады. Ой, сезім көкжиегін кеңейту үшін көркемөнердің мұндай сәтті компоненттері ауадай қажет екені айтпаса да мәлім ғой. Күн көзіне, жел өтінен тасалап ұстайды. Күміс көлдің түбінен ғана көрсетеді. Мөлдір су астындағы маржан мұқалмайтыны мәлім. Ендеше уақыт озған сайын оның шығармаларының қасиеті алмастай суарылар түсері хақ. Бұл орайда шығын жанрда осы тәсілдің әлемдік үлгісіне айналып отырған А.П.Чехов еске түседі. Чехов мектебінің де негізгі көркемдік тенденциясы – су беті емес, су асты ағын қабаттарында еді ғой. Тобық да Чехов секілді әрбір көркемдік бөлшектерді кез ұрмайтын суреткер десек, ол еліктеуден келе қоймайтыны белгілі.

Тобықты ешбір қаламгермен ауыстыру мүмкін еместігінің бірден-бір кепілі – оның стилі, ол нәзік психолог еді. Яғни, ол өмір сүрген тарихи кезең қалыптастырған характер болмысы жазушы талантында мәйектей ұйыды. Тарам-тарам тағдыр иелері аялы алақан, ыстық жүрек табында өзгеше рең алады. Тарих кернеуімен ұзақ ғұмырға аттанады. Әрине, сол стилдің тасасында тұрған туған жерге, адамға деген, үлкен махаббат та шығарманың мұқалмайтын құпиялы күдірет қой. Объективті бейнелеуге қолы жеткен сайын Тобық Жармағамбетовтің барлық шығармасында дерлік салқын қанды суреткерліктен гөрі махаббат отын жағатын сезім-сезімталдылық қызыл жіп болып тартылады, арқауын бір босатпайды. «Екі жүрек», «Менің достарым» әңгімелерінде жазушы көркемдік көгіне қол созған сайын отаншылдық сезім құштарлыққа айналып, шоқтай қоздап қызулығы арта

түседі. Ең бастысы сезім жалаң пафостан, публицистік стилден іргесін мүлде аулақ салады. Көркем өнер тілінде бедерленеді. Лирикалық көңіл-күй шығармада жазушы интелектісінен қауызын жарған қызғалдақтай ашылып, өз кейіпкеріне өзгеше ілтипат, аждаһат туындатады. Осы тұрғыдан бағаласақ «Екі жүрек» атты шағын әңгіме дала балладасы секілді. Дала жайлы түсінік түйсіктен басталып оған дерлік іңкәр махаббат жырына ұласатындай. Бұл әңгімеде лиризм психологизммен сәтті ұшырасады. Сол бір ертекші баланың жан қоймасы, сезім қалтарысы психологиялық дәлдікпен өрнектеледі. Алайда, тым әсерлі жетеді жүрекке. Лирикалық баяндау өз миссиясын атқара отырып, оның трагедиялық нүктесін тап басуда сипаттау сарынанада емес, сурет бояуында қалыңдата түсетіндей. Ал жайсаң жаны мен сезімі Тобыққа тән лиризм шуағында мөлдірейді-ақ. Сөйтіп, дала мен бала жаны суреткердің эстетикалық концепциясында өзгеше бір үйлесім тауып, тұтасады. Бұл тұрғада проза ақындық шабытқа толы асыл, адам жанын, болмысын айрықша дәлдікпен көрсетуде, әсерлі бейнелеуде, көңіл-күй әуенін түзуде лирикалық проза өнерімен тектес. Көркем сөздің өзекті мұраты – адам жанын арпалыстың алапат күйіне салар, тіршілік тотысының тоқсан тарауы. Әдебетте жанр көп, әдебиетте түрмен түрлендірудің тәсілдерінің де жеткілікті екендігі көпке аян. Алайда сол әдебиеттің сан тармағы, айналып келіп құяр айдыны біреу-ақ. Ол – адам, оның болмыс бітімі, іс - әрекеті. Осы ретте Тобық Жармағамбетов әңгімелерінде кездесетін өмір құбылыстары, тіршілік тарамдары, сезім иірімдері несімен ерекшеленер еді. Әдеби әлемде ауызға ілігіп, тілге талай рет тиек болған «Майлыаяқ» әңгімесін алып қарасақ. Бір қарағанда көрер кезге қораштау, қой соңында қора маңында тіршілік кешіп, жайбарақат жүрген иттің сипаты дерлік. Алайда кейуана мен үй иесінің өртке оранғанына қарамастан, оның жан ұшыра кейіпке еніп, адамдарша арпалысуы, құтқару үшін жанын салуы, үй иелерін ақтық сапарға шығарып салған сәттегі ұлуы, қоштасуы, қимастық сезімі – бәрі-бәрі ерекше психологиялық көрініспен бейнеленеді. Жазушы өзінің сипаттап отырған негізгі образының сырт көзге оғаштау көрінер қасиеттерін ғана термелей бергені байқасақ, әңгімені оқып болғасын, ой жетегі сенің бар болмыс жаратылысыңды алыс – алыс қиырларға, өзің көріп жүрген, естіп жүрген етене таныс адамдар арасына бастап бара жатады.

Әдебиеттер

1. Пospelов Г.Н. Лирика. – Москва: МГУ, 1976.
2. Головенченко Ф.М. Введение в литературоведение. – Москва: Высшая школа, 1964. – 261 с.
3. Кожин В.В. Как пишут стихи. – Москва: Просвещение, 1970. – 60 с.
4. Гегель Г.В. Лекции по эстетике. Соч., Т.12. – Москва, 1938.
5. Чернышевский Н.Г. Соч., Т.1. – Москва – Ленинград, 1930. – 269 с.
6. Выходцев П.С. Национальное и интернациональное в эстетике социалистического реализма // «Курс лекций по теории социалистического реализма. – Москва: Высшая школа, 1973. – 100 с.
7. Оскоцкий В. Литературный герой и его национальный характер // Дружба народов, 1957. №1.
8. Бязрти К. Национальный характер в искусстве и в действительности // Дружба народов, 1966. №7.
9. Чимпой М. Национальный характер и художественное мышление // Дружба народов, 1966. №10.
10. Бочарев А. К вопросу о национальной специфике литературы // Дружба народов, 1957. №1.
11. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 бет.